

Наурызым ауданы әкімиятының резерв қаражаттарын пайдалану Тәртібін бекіту туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімиятының 2003 жылғы 10 қарашадағы № 2603 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2003 жылғы 28 қарашада № 2603 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі № 357-1 "Бюджеттік жүйе туралы", 2001 жылғы 6 желтоқсандағы № 261 "Бюджеттік жүйе туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңдарын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі № 1408 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қаражаттарын пайдаланудың Тәртібін бекіту туралы" қаулысына, Қостанай облысы әкімиятының 2001 жылғы № 27 қыркүйектегі № 137 "Қостанай облысы әкімиятының резерв қаражаттарын пайдалану Тәртібін бекіту туралы", мемлекеттік тіркеу нөмірі 1065, 2002 жылғы 2 желтоқсандағы № 223 Қостанай облысы әкімиятының 2001 жылғы 27 қыркүйектегі № 137 "Қостанай облысы әкімиятының резерв қаражаттарын пайдалану Тәртібін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", мемлекеттік тіркеу нөмірі 1928, қаулыларына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңның 31 бабы 1 тармағының 1 тармақшасына сәйкес, Науырзым ауданының әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Науырзым ауданы әкімиятының резерв қаражаттарын пайдалану Тәртібі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2003 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

3. Науырзым ауданы әкімінің 2000 жылғы 28 қарашадағы № 210 Науырзым ауданы әкімінің резерв қоры қаражаттарын пайдалану тәртібін бекіту туралы шешімінің күші жойылсын.

Аудан әкімі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ о с т а н а й о б л ы с ы

Н а у ы р з ы м а у д а н ы ә к і м и я т ы н ы ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 0 қ а р а ш а д а ғ ы

№ 161 қаулысымен бекітілген

**Науырзым ауданы әкімиятының резерв
қаражаттарын пайдалану ТӘРТІБІ**

Осы Тәртіп Науырзым ауданы әкімиятының резерв қаражаттарын бөлу және пайдалану тәртібін анықтайды.

1. Науырзым ауданы әкімиятының резерві Қазақстан Республикасының "Бюджеттік жүйе туралы" Заңының 13 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 6 желтоқсандағы № 261 Заңымен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды есепке ала отырып, тиісті қаржы жылында қаржыландыру үшін бекітілген аудандық бюджет шығындарының құрамында, аудандық бюджетті дайындау кезінде жоспарланбаған және тиісті қаржы жылында тоқтаусыз қаржыландыруды талап ететін шығындар е с е п к е а л ы н ы п ж а с а л а д ы .

2. Аудан әкімиятының резерві құрамында Қазақстан Республикасының "Бюджеттік жүйе туралы" Заңының 13 бабының 1 тармағына сәйкес, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою, өзге күтілмеген шығыстарды өтеу үшін, аудан әкімиятының қаулысымен анықталатын сот шешімдері бойынша Науырзым ауданы әкімиятының, аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың және олардың бағынышты ведомстволық мекемелерінің міндеттемелерін өтеуге арналған қаражаттар, сондай-ақ кассалық алшақтықты жабуға төмен тұрған бюджеттерді кредиттеу үшін арнаулы резерв қарастырылады.

3. Аудан әкімиятының резерв қаражатының мөлшері Қазақстан Республикасының "Бюджет жүйесі туралы" Заңының 13 бабының 3 тармағына сәйкес, аудандық бюджет түсімі көлемінің екі пайызынан аспауы керек.

4. Аудан әкімиятының резервінен қаражат бөлу тиісті қаржы жылында аудандық бюджеттің кредиттелуі мен шығыстары құрамында осы мақсатқа бекітілген шамалар шегінде аудандық қаржы бөлімі арқылы жүзеге асырылады.

Қаржыландыру заңнамада белгіленген тәртіп бойынша аудан әкімиятының қаулысы негізінде жүргізіледі. Онда алушы, бөлінген қаржы көлемі және оларды пайдалану мақсаттары, сондай-ақ қаржы қайтарып алу негізінде берілгенде оның беру шарттары мен қайтару мерзімі көрсетіледі.

5. Аудан әкімиятының резерв қаражаттары мақсатты түрде тағайындалған және осы тәртіпте қаралмаған қажеттіліктер мен аудан әкімиятының резервтен қаражаттар бөлу туралы қаулысынсыз жұмсалуға тиісті емес.

6. Науырзым ауданы әкімиятының аудан әкімиятының резервінен қаражат бөлу туралы қаулылары ағымдағы қаржы жылының соңында күшін жояды. Аудан әкімиятының пайдаланылмаған резерв қаражаттарының қалдықтары аудандық бюджетке қайтарылады.

7. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда аудан әкімиятының резервінен қаражат бөлу туралы өтінішті төтенше жағдай жөніндегі аудандық бөлім қарайды.

Жергілікті масштабтағы төтенше жағдайларды жою қажет болған жағдайда төтенше жағдайлар жөніндегі аудандық бөлім, аудандық қаржы бөліміне тиісті есептеулердің қосымшасымен бірге аудан әкімияты қаулысының жобасын қарауға ұ с ы н а д ы .

Аудан әкімияты қаулысының қолдау тапқан жобасын төтенше жағдайлар жөніндегі бөлім, белгіленген заңнамалық тәртіп бойынша, Науырзым ауданының әкімиятына б е к і т у г е ұ с ы н а д ы .

8. Науырзым ауданы әкімиятының, аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың және олардың бағынышты ведомстволық мекемелерінің сот шешімдері бойынша міндеттерін өтеу аудан әкімиятының резерв қаражаттарының есебінен, соттың атқарушы құжаттары болған жағдайда, қамтамасыз етіледі.

Сот шешімдері бойынша төлеуге міндетті болып табылған аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган мен оның бағынышты ведомстволық мекемелері, қолданылып жүрген заңнамада қаралған негіздері бар болған жағдайда, көрсетілген шешімдер бойынша, барлық сот сатыларына шағым беруге тиісті.

Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган мен оның бағынышты ведомстволық мекемелері аудандық қаржы бөліміне шағым берілген сот актілерінің кө ш і р м е с і н т а п с ы р у ғ а т и і с т і .

Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган мен оның бағынышты ведомстволық мекемелері өздерінің заңсыз қабылдаған актілері үшін, сондай-ақ әкімшілік басқару саласында өз қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері үшін "әкімшілік шығындар" бағдарламасы бойынша бөлінген қаражатпен жауап береді.

Науырзым ауданы әкімиятының, аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар мен оның бағынышты ведомстволық мекемелерінің міндеттерін өтеу үшін аудан әкімиятының резервінен қаражат бөлу туралы аудан әкімияты қаулысының жобасын, заңнамада белгіленген тәртіп бойынша, аудандық қаржы бөлімі д а я р л а й д ы .

9. Жергілікті бюджетті даярлау кезінде жоспарланбаған, басқа да көзделмеген және ағымдағы қаржы жылында кідіріссіз қаржыландыруды талап ететін шығындарға аудан әкімиятының резервінен қаражат бөлу үшін аудандық бюджет бағдарламаларының әкімшілері негіздері мен есептері көрсетілген қаржы бөлу туралы өтінімін аудандық қ а р ж ы б ө л і м і н е ұ с ы н а д ы .

Аудандық қаржы бөлімі ұсынылған өтінім негізінде аудан әкімиятының резервінен қаражат бөлудің мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды жасайды.

10. Аудандық бюджет бағдарламаларының әкімшісінің өтінімі бойынша оң қорытынды жасалған жағдайда, аудан әкімиятының резервінен көзделмеген шығындарға қаражат бөлу туралы Науырзым ауданы әкімияты қаулысының жобасын, заңнамада белгіленген тәртіп бойынша, аталған аудандық бюджет бағдарламаларының ә к і м ш і с і д а я р л а й д ы .

11. Ағымдағы қаржы жылында шараларды кідіріссіз қаржыландыруды талап ететін міндеттер туындаған жағдайда резервтен қаражат бөлу, басымдық тәртіппен, осы Тәртіпке сәйкес аудандық бюджетте тиісті қаржы жылында қаралған сомалар м ө л ш е р і н д е жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

12. Егер бюджетті орындау кезінде кірістер шығындардан асып кетсе, немесе бюджетке түсетін кіріс өте төмендеп кетсе, Науырзым ауданының әкімияты аудан әкімияты резервінің шығындарын секвестірлеуге құқылы.

13. Резервтен бөлінген қаражатты алушылар олардың пайдаланылуы, орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы аудандық қаржы бөлімі белгілеген тәртіппен мерзімінде есеп беруге тиісті.

14. Аудандық қаржы бөлімі, келісім бойынша, аудан әкімиятына ай сайын резерв қаражатының жұмсалуды және оның тиісті кезеңдегі қалдықтары жөнінде ақпарат тапсырып отырады.

15. Резервтен бөлінген қаражаттың мақсатсыз жұмсалғаны үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасында қаралған тәртіп бойынша, алушы жауап береді.

16. Аудан әкімиятының резерв қаражатының мақсатты түрде жұмсалудына бақылау жасау аудандық қаржы бөлімі арқылы жүзеге асырылады.